ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

№

КВГА-13

ЖШС «ГД 2015 құрылыс компаниясы»

Қазақстан Республикасы Қаржы министілігінң ішкі мемлекеттік аудит комитеті *(бұдан әрі - Комитет*) «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі» электронды мемлекеттік сатып алу веб-портал арқылы өткізген №3127625-1 «АИ-92 маркілі жана-жағармайын сатып алу» хабарландыруы бойынша электрондық ашық конкурсы бойынша сіздің №35629 01.04.2019 жылғы шағымыңызға сәйкес төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150 тармағына сәйкес, Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер де, ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: мемлекеттік кірістер органының мәліметтерінің негізінде веб-порталмен автоматты түрде анықталатын тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселеген мөлшерінен асатын салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдары бойынша берешегі туралы ақпараттардың болуы.

Сонымен қатар, салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер конкурс жарияланған күннен кейін веб-портал арқылы алынады.

Өнім берушінің нұсқаулығына сәйкес өтінімді қалыптастыру кезінде жүйе МКК ОСДШ АЖ-не сауалды жібереді, және сауалдың сәтті жіберілгені туралы төмендегі хабарламаны көрсетеді, сауалдың мәртебесі «Өңделуге жіберілді» болады.

Сауал өңделгенінен кейін, сәтті өңделуден өткенде сауал мәртебесі «Өңделген» дегенге өзгеріп, жүйемен сауалды қабылдау күні және уақыты тіркеледі.

Салық берешегі жоқ (бар) туралы мәліметтерді алу барысында қателер туындаған жағдайда, сауалдың мәртебесі «Қате» дегенге өзгеріп, салық берешегі туралы мәліметті қайтадан алуға болады.

Егер бар болса, жүйе тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен

асатын салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуын тексереді.

Егер өнім берушінің салық берешегі және міндетті жарналар бойынша берешегі болмаса не төлеу мерзімі кейінге қалдырылса, онда жүйе лот (-қа) баға ұсынысының көрсетілген сомасымен келісімді растау туралы нысанды көрсетеді.

Егер Өнім берушінің салық берешегі және міндетті жарналар бойынша берешегі болса не төлеу мерзімі кейінге қалдырылса, онда жүйе қате туралы хабарламаны көрсетеді.

Осылайша, салық берешегі болған жағдайда әлеуетті өнім берушінің конкурсқа конкурстық өтінім беруге мүмкіндігі болмас еді.

Осыған байланысты, әлеуетті өнім беруші "Sinoil" ЖШС-тің конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімін жіберу барысында, конкурстық комиссияның іс-әрекеттерінде бұзушылықтар және өтініште көрсетілген дәлелдер Комитетпен расталмаған.

Айта кету керек, камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 30.11.2015 ж. №598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылауды жүргізу ережесінің 19 - тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 47-бабының 6-тармағына және "жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, сіз оған, оның ішінде жоғары тұрған органға шағымдануға құқылысыз.

Сонымен қатар, Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары Подпись имеется **Б. Нәжімиденов**

исп.Талгат Т.
тел. 71-78-08